



Автор: кадырова Клара Абдыкамаловна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Жобалық жұмыс

Тақырып: Программалау тілі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.1.2.1 «бағдарламау тілі» және «бағдарламау жүйелері» түсініктерін айыра білу
Сабақтың мақсаты:	Бағдарламау тілдерінің жүйеленуін, бағдарламау тілдерінің айырмашылық ерекшеліктерін, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін; жоба бойынша қалай есеп жазу керектігін. Әртүрлі бағдарламау тілдерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтайды; бағдарламау тілінде кодтар жазады
Тілдік мақсаттар:	Лексика және терминология Бағдарламау тілі, процедуралық , процедуралық емес, трансляторлар, компиляторлар , интерпретаторлар Диалогтар: Бағдарламау тілі – бұл... Бағдарламау жүйесіне кіреді... Бағдарламау тілі келесілер бойынша жүйеленеді ... Менің жобамның тақырыбы, мақсаты және міндеттері
Күтілетін нәтиже:	Программалау тілдерімен жоба жасай біледі
Бағалау критерийлері:	Бағдарламалау тілінің анықтамасын біледі Әр түрлі бағдарламалау тілінің мүмкіндіктерін айырады, бағдарламалау тілінде жоба бойынша есеп жаза алады.
Құндылықтарды дарыту:	« Зайырлы қоғам және жоғары руханият» қоғамдық өмірдің зайырлы сипаты экономикадағы өрлеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	ЖК – да жұмыс істеу дағдысы.
Пәнаралық байланыс:	тарих
Бастапқы білім:	Бағдарламау тілдері туралы алдында алған білімдер

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (8 мин)	Психологиялық дайындық. Өзге елдердің тілдерінде сәлемдесу. Топқа бөлу: 1 топ: Жоғары деңгей, 2 топ Төменгі деңгей Миға шабуыл: 1/Тіл дегеніміз не? Тіл — белгілі бір ұғымды немесе затты, түсінікті белгілейтін және дыбыстауы бар ортақ қабылданған таңбалар жүйесі. 2/ Тілдің атқаратын міндеттері Тілдің атқаратын міндеттері тілдің адамзат қоғамындағы рөлімен және тіл бірліктерінің бір тобының екінші бір тобына бағыныштылығымен, оған сәйкесіп отыруымен анықталады. 3/Компьютер тілі болады ма? 4/. Программа дегеніміз не? 5/. Қандай программалау тілдерін білесіздер? 6/Келесі бағдарламалық өнімдерді жасау үшін қандай тілді қолданар еді және неге: 1. Операциялық жүйе; 2. Компьютерлік ойын; 3. веб-браузер; 4. медиа ойнатқыш; 5. мобильдік телефонның қосымшасы; 6. интернет дүкеннің беті; 7. Тестер. Тақырыпты ашу: Бағдарламау тілдері не үшін қажет? Бағдарламау тілдерінің көмегімен қандай мәселелерді шешуге болады?	Оқушылар өздері білетін тілде сәлемдеседі. Қағазды таңдау арқылы топқа бөлінеді

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (9-30 мин)	<p>Программалау тілі туралы бейне жазба Тапсырма 1 Джигсо әдісі Топтар теорияны оқып талқылайды. Оқушылар өздерінің зерттеулерінде жүргізілген зерттеулерін сипаттау үшін плакаттар, дисплей, презентация немесе жазбаша жұмыс түрінде көрсетеді. Топтық жұмыс Оқушылардың жаңа материалды түсінгендігін тексеру үшін әр топқа тапсырма беріледі. 1-топ Микрокомандалар, Фортран, машиналық, Алгол, Ассемблер, Паскаль, Си, Бейсик, Макротіл, Visual Basic, Delphi жоғарыда берілген тілдерді, төмендегі кесте бойынша бөліп жазыңдар. Төменгі деңгей Жоғары деңгей Дескриптор: программалау тілін біледі және оны деңгейі бойынша жіктейді; 2-топ С++ программалау тілі туралы мәліметті интернеттен тауып, қандай деңгейге жататындығы туралы айту. Дескриптор: Бағдарламалау тілі туралы ғаламтордан ақпарат жинақтайды. Жоғары және төмен деңгейлердің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар Бағдарламалау тілдерінің тарихына жоба дайындайды.</p>	Презентация
Сабақтың соңы (7 мин)	<p>«Эстафета» ойыны 1. Төменгі және жоғары деңгейлі бағдарламалау тілдерінің айырмашылығын түсіндіріңдер? 2. Компилятордың көмегіне не үшін жүгінеміз? 3. С++ бағдарламасы қай жылдары пайда болды. 4. Бағдарламалау тілдерінің жіктелуін қалай түсіндіресіңдер? 5. С++ бағдарламалау ортасының қандай ерекшеліктері бар? 6. Барлық бағдарламалау тілдері неше топқа бөлінеді? 7. 3. Процедуралық тілдер қандай деңгейлік тілдер болып бөлінеді? 8. Программалау тілдері машинаға тәуелді, машинаға тәуелсіз болып бөлінудің себебі неде? 9. Программалау тілдері машинаға тәуелді, машинаға тәуелсіз болып бөлінудің себебі неде? 10. Адамға түсінікті тілдегі ақпаратты, құрылғыға түсінікті тілге аударатын программа қалай аталады?</p>	Презентация
Рефлексия (37-40 мин)	<p>Жаңа материалды қорытындылаймыз. Рефлексия жүргіземіз «2 жұлдыз бір тілек» стикерларда. Оқушыларды өз – өздерін бағалау үшін, екі жұлдызды және бір тілекті қолдануын сұраңыз. 2 жұлдыз = 2 сәт, олар жетістікке жеткен. Тілек = жақсартылуы мүмкін бірдеме.</p>	Презентация